

**"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 3 маусымдағы № 06-3/306 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 5 тамыздағы № 4-3/724 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1 және 43-1-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 3 маусымдағы № 06-3/306 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7023 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 303-304 (26698) санында жарияланған ) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жолдануын;

2) осы бұйрықтың мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы  
Ауыл шаруашылығы министрі *А. Мамытбеков*